

2026 жылғы 29 мамыр

**«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы  
2026 жылдың бірінші тоқсанындағы қаржылық нәтижелер**

**Астана, 2026 жылғы 29 мамыр** – «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – «ҚМГ», «Компания»), Қазақстанның ұлттық мұнай-газ компаниясы тәуелсіз аудитордың аралық қаржылық ақпаратын шолып тексерудің нәтижелері негізінде жасалған есебімен қоса, 2026 жылғы 31 наурызда аяқталған үш айдағы 34 «Аралық қаржылық есептілік» халықаралық қаржы есептіліктің стандарттарына (ХҚЕС) сәйкес дайындалған қысқартылған аралық шоғырландырылған қаржы есебін жариялайды.

**2025 жылдың бірінші тоқсанымен салыстырғанда 2026 жылдың бірінші тоқсанындағы негізгі қаржылық көрсеткіштер<sup>1</sup>:**

- Түсім 2 241 млрд теңгемен (4 394 млн АҚШ долларымен) салыстырғанда 2 481 млрд теңгені (4 991 млн АҚШ долларын) құрады;
- EBITDA көрсеткіші 582 млрд теңгемен (1 142 млн АҚШ долларымен) салыстырғанда 775 млрд теңгені (1 559 млн АҚШ долларын) құрады;
- Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың пайдасындағы үлесін қоса алғанда, Компанияның таза пайдасы 193 млрд теңгемен (377 млн АҚШ долларымен) салыстырғанда 373 млрд теңгені (751 млн АҚШ долларын) құрады;
- Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың пайдасындағы үлесіне түзетілген таза пайда<sup>2</sup> 164 млрд теңгемен (321 млн АҚШ долларымен) салыстырғанда 190 млрд теңгені (381 млн АҚШ долларын) құрады;
- Бос ақша ағыны 283 млрд теңге (555 млн АҚШ доллары) мөлшеріндегі оң көрсеткішпен салыстырғанда теріс мәнде қалыптасып, 78 млрд теңгені (157 млн АҚШ долларын) құрады;
- Жалпы қарыз 2025 жылғы 31 желтоқсандағы 3 522 млрд теңге (6 967 млн АҚШ доллары) мөлшеріндегі көрсеткішпен салыстырғанда 2026 жылғы 31 наурызда 3 504 млрд теңгені (7 320 млн АҚШ долларын) құрады;
- Компанияның таза қарызы 2025 жылғы 31 желтоқсандағы 375 млрд теңге (742 млн АҚШ доллары) деңгейіндегі көрсеткішпен салыстырғанда 2026 жылғы 31 наурызда 573 млрд теңгені (1 196 млн АҚШ долларын) құрады.

---

<sup>1</sup> Қолайлы болу үшін сомалар тиісті кезеңдегі орташа айырбас бағамы бойынша АҚШ долларында көрсетілген (2026 жылдың 1-тоқсаны және 2025 жылдың 1-тоқсаны үшін орташа бағам сәйкесінше 497,09 және 510,05 теңге/АҚШ долл. құрады; кезең соңындағы бағам – 2026 жылғы 31 наурызда және 2025 жылғы 31 желтоқсанда сәйкесінше 478,77 және 505,53 теңге/АҚШ долл. құрады).

<sup>2</sup> Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың пайдасындағы үлеске түзетілген таза пайда = Таза пайда плюс бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардан алынған дивидендтер минус бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың пайдасындағы үлес.

| Көрсеткіштің атауы  | Өлш. бірл.       | 3А 2026 | 3А 2025            | %       |
|---|------------------|---------|--------------------|---------|
| Мұнай, Dated Brent <sup>3</sup>   | \$/барр.         | 81,13   | 75,73              | 7,1%    |
| Мұнай, КЕВСО <sup>3</sup>   | \$/барр.         | 81,11   | 76,67              | 5,8%    |
| Орташа бағам  | теңге/ АҚШ долл. | 497,09  | 510,05             | -2,5%   |
| Түсім   | млрд теңге       | 2 481   | 2 241              | 10,7%   |
| Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың пайдасындағы үлес                         | млрд теңге       | 196     | 185                | 5,5%    |
| Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардан алынған дивиденд                          | млрд теңге       | 12      | 156                | -92,4%  |
| Таза пайда  | млрд теңге       | 373     | 193                | 93,8%   |
| Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың пайдасындағы үлеске түзетілген таза пайда | млрд теңге       | 190     | 164                | 15,9%   |
| ЕБИТДА <sup>4</sup>   | млрд теңге       | 775     | 582                | 33,0%   |
| ЕБИТДА түзетілген көрсеткіші <sup>5</sup>   | млрд теңге       | 591     | 553                | 6,8%    |
| Күрделі шығындар (есептеу әдісі бойынша)  | млрд теңге       | 116     | 129                | -10,0%  |
| Күрделі шығындар (кассалық әдіс бойынша)  | млрд теңге       | 237     | 144                | 64,3%   |
| Бос ақша ағыны <sup>6</sup>   | млрд теңге       | -78     | 283                | -127,5% |
| Жалпы қарыз <sup>7</sup>  | млрд теңге       | 3 504   | 3 522 <sup>8</sup> | -0,5%   |
| Таза қарыз <sup>9</sup>   | млрд теңге       | 573     | 375 <sup>8</sup>   | 52,7%   |

### 2025 жылдың бірінші тоқсанымен салыстырғанда 2026 жылдың бірінші тоқсанындағы негізгі өндірістік көрсеткіштер<sup>10</sup>:

- Мұнай және газ конденсатын өндіру көлемі 12,0% төмендеп, 5 647 мың тоннаны құрады;
- Мұнай тасымалдау көлемі 0,8% төмендеп, 20 761 мың тоннаны құрады;
- Қазақстандық және румыниялық МӨЗ-де көмірсутек шикізатын өңдеу көлемі былтырғы осындай кезеңдегі 5 137 мың тоннамен салыстырғанда 4 992 мың тоннаны құрады.

<sup>3</sup> Дереккөз: S&P Global Platts.

<sup>4</sup> ЕБИТДА = түсім плюс бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың пайдасындағы үлес, нетто, минус сатып алынған мұнайдың, газдың, мұнай өнімдерінің және басқа материалдардың өзіндік құны минус өндірістік шығыстар минус жалпы және өкімшілік шығыстар минус тасымалдау және сату жөніндегі шығыстар минус табыс салығынан басқа салықтар.

<sup>5</sup> ЕБИТДА түзетілген көрсеткіші = түсім плюс бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардан алынған дивидендтер минус сатып алынған мұнайдың, газдың, мұнай өнімдерінің және басқа материалдардың өзіндік құны минус өндірістік шығыстар минус жалпы және өкімшілік шығыстар минус тасымалдау және сату жөніндегі шығыстар минус табыс салығынан басқа салықтар.

<sup>6</sup> Бос ақша ағымы = операциялық қызметтен алынған таза ақша ағымы минус негізгі құралдарды, материалдық емес активтерді, инвестициялық жылжымайтын мүлікті және барлау және бағалау активтерін сатып алу. Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардан алынған дивидендтер операциялық қызметтен алынған ақша ағымына енгізілген.

<sup>7</sup> Есепті кезеңнің соңындағы жалпы қарыз = облигациялар плюс қарыздар (қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді). Берілген кепілдіктер есепке енгізілмеген.

<sup>8</sup> Жалпы қарыз және Таза қарыз 2025 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша көрсетілген.

<sup>9</sup> Таза қарыз = кезең соңындағы облигациялар плюс қарыздар минус ақша қаражаты және олардың баламалары, минус банктік салымдар (қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді). Берілген кепілдіктер есепке енгізілмеген.

<sup>10</sup> Өндірістік көрсеткіштер бірлескен және қауымдасқан компаниялардағы ҚМГ-ның иелену үлесіне сәйкес және толығымен шоғырландырылған еншілес ұйымдар үшін 100% көрсеткіш көрсетілген. Толық ақпарат 2026 жылдың бірінші тоқсанындағы өндірістік нәтижелер туралы баспасөз хабарламасында мына сілтеме бойынша жарияланған: <https://www.kmg.kz/investors/reporting/>

|                                      | <b>3А 2026</b><br>(ҚМГ үлесі) | <b>3А 2025</b><br>(ҚМГ үлесі) | <b>%</b> |
|--------------------------------------|-------------------------------|-------------------------------|----------|
| Өндіру:                              |                               |                               |          |
| Мұнай және газ конденсаты, мың тонна | 5 647                         | 6 416                         | -12,0%   |
| Газ, млн м <sup>3</sup>              | 2 324                         | 2 841                         | -18,2%   |
| Мұнай тасымалдау, мың тонна          | 20 761                        | 20 920                        | -0,8%    |
| Мұнай өңдеу, мың тонна               | 4 992                         | 5 137                         | -2,8%    |

## 2026 жылдың бірінші тоқсанындағы қаржылық нәтижелерге шолу

### *Түсім*

Компанияның 2026 жылдың бірінші тоқсанындағы түсімі 2 481 млрд теңгені (4 991 млн АҚШ долларын) құрап, 2025 жылдың бірінші тоқсанындағы көрсеткіштен 10,7% жоғары болды. Түсімнің өсімі қызметтің барлық сегменттерінде байқалды. Оң динамика әлемдік мұнай бағасының өсуі мен KMG International мұнай өнімдерін өткізу бағасының өсуі есебінен қамтамасыз етілді, алайда бұл әсер теңгенің АҚШ долларына қатысты орташа айырбас бағамының нығаюымен ішінара шектелді.

### *Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың пайдасындағы үлес*

Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың пайдасындағы үлес 5,5% ұлғайып, 196 млрд теңгені (393 млн АҚШ долларын) құрады. Көрсеткіштің өсуі әлемдік мұнай бағасының өсуіне байланысты болды, бұл «Теңізшевройл» ЖШС мен «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ пайдасындағы үлеске оң әсер етті. Бұл ретте аталған фактор КҚК тарапынан мұнай қабылдаудың шектелуіне, сондай-ақ 2026 жылғы қаңтарда Болашақ кеңейту жобасының нысандарында трансформаторлардың тұтануына байланысты «Теңізшевройл» ЖШС-де өндіру көлемінің төмендеуінен туындаған теріс әсерді ішінара өтеді.

### *EBITDA*

2026 жылдың бірінші тоқсанындағы EBITDA көрсеткіші 33,0% ұлғайып, 775 млрд теңгені (1 559 млн АҚШ долларын) құрады. Оң динамика қызметтің барлық сегменттерінде түсімнің өсуіне, сондай-ақ «Мұнай мен газды барлау және өндіру» және «Басқалар» сегменттеріндегі бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың пайдасындағы үлестің ұлғаюына байланысты болды.

### *EBITDA түзетілген көрсеткіші*

Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың пайдасындағы үлестің орнына бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардан алынған дивиденд мөлшерін көрсететін EBITDA түзетілген көрсеткіші 591 млрд теңгені (1 189 млн АҚШ долларын) құрап, 6,8% өсті.

## *Таза пайда*

Компанияның таза пайдасы 2025 жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда 93,8% ұлғайып, 373 млрд теңгені (751 млн АҚШ долларын) құрады. Көрсеткіштің өсуі сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсімнің, бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың пайдасындағы үлестің ұлғаюына, сондай-ақ «Негізгі құралдардың құнсыздануы және барлау шығындары<sup>11</sup>» бабы бойынша шығындардың және қаржылық шығындардың төмендеуіне байланысты болды.

### *Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың пайдасындағы үлеске түзетілген таза пайда*

Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың пайдасындағы үлесіне түзетілген таза пайда 2025 жылдың бірінші тоқсанымен салыстырғанда 164 млрд теңгеден (321 млн АҚШ долларынан) 190 млрд теңгеге (381 млн АҚШ долларына) дейін, яғни 15,9% ұлғайды.

### *Сатып алынған мұнайдың, газдың, мұнай өнімдері мен басқа да материалдардың өзіндік құны*

Сатып алынған мұнайдың, газдың, мұнай өнімдері мен басқа да материалдардың өзіндік құны 2,0% ұлғайып, 1 240 млрд теңгеге (2 495 млн АҚШ долларын) жетті. Көрсеткіштің өсуі негізінен қайта сату үшін сатып алынатын мұнай өнімдері құнының, сондай-ақ KMG International деңгейінде мұнай өнімдерін өндіруге байланысты материалдар мен қорларға арналған шығыстардың ұлғаюына байланысты болды.

### *Операциялық шығындар*

Өндірістік шығыстар 5,7% өсіп, 383 млрд теңгені (770 млн АҚШ долларын) құрады. Өсім негізінен ашық теңіздерде кемелерді қосымша жалдауға байланысты «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС-де қысқа мерзімді жалдау бойынша шығыстардың ұлғаюымен, сондай-ақ KMG International көлік шығыстарының өсуімен байланысты болды.

Есепті кезеңде тасымалдау және өткізу шығыстары 86 млрд теңгені (173 млн АҚШ долларын) құрады, бұл 2025 жылдың осындай кезеңдегі көрсеткіштен 20,7% жоғары. Өсім негізінен мұнай өнімдеріне арналған логистикалық тарифтердің өсуі салдарынан KMG International компаниясының тиеу, тасымалдау және сақтау бойынша шығыстарының ұлғаюымен байланысты болды.

Жалпы және әкімшілік шығыстар 46 млрд теңгені (92 млн АҚШ долларын) құрап, 2025 жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда инфляциялық фактордың әсерінен шамалы ғана 0,8% ұлғайды.

Табыс салығынан басқа салықтар 1,6% азайып, 147 млрд теңгені (296 млн АҚШ долларын) құрады. Көрсеткіштің төмендеуі негізінен «Өзенмұнайгаз» АҚ-да шикі мұнайды экспортқа өткізу көлемінің азаюы нәтижесінде экспорттық кеден бажы және шикі мұнай экспортына рента

---

<sup>11</sup> Маңғыстау облысын әлеуметтік-экономикалық дамытудың 2021–2025 жылдарға арналған кешенді жоспары шеңберінде Жаңаөзен қаласының тұрғындарын ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында 2023 жылы «Өзенмұнайгаз» АҚ-ның еншілес ұйымы «Ақ Су КМГ» ЖШС Жаңаөзен қаласында теңіз суын тұщыту зауытын және жеткізуші инфрақұрылымды салуға кірісті. ҚМГ аталған нысанның өтелетін құны нөлге тең деп есептейді және тиісінше, 2025 жылғы 31 наурыздағы жағдай бойынша 2025 жылғы 31 наурызда аяқталған үш ай ішінде құрылысқа жұмсалған шығыстардың 22 млрд теңге (43 млн АҚШ доллары) сомасында құнсыздануын мойындады. 2025 жылы зауыт құрылысы аяқталды.

салығы бойынша шығыстардың қысқаруына байланысты болды. Бұл ретте төмендеу ішкі нарықта жеңіл мұнай өнімдерін өткізу көлемінің ұлғаюына байланысты ҚМГ Корпоративтік орталығы деңгейінде акциз бойынша шығыстардың өсуімен ішінара өтелді.

### *Күрделі шығындар*

Есептеу әдісі бойынша күрделі шығындар 10,0% төмендеп, 116 млрд теңгені (233 млн АҚШ долларын) құрады. Көрсеткіштің төмендеуі негізінен «Мұнай мен газды барлау және өндіру» сегментінде күрделі шығындардың азаюымен байланысты болды, бұл 2025 жылдың бірінші тоқсанында «Өзенмұнайгаз» АҚ-ның еншілес компаниясы «Ak Su KMG» ЖШС-нің Жаңаөзен қаласында теңіз суын тұщыту зауытын және жеткізуші инфрақұрылымын салу жобасы бойынша жұмсалған шығыстармен түсіндіріледі. Бұл ретте «Шикі мұнай мен мұнай өнімдерін өңдеу және өткізу» сегментінде есепті кезеңде Петромидия зауытында жоспарлы ағымдағы жөндеу жүргізілуіне байланысты KMG International есебінен күрделі шығындар ұлғайды. Аталған сегменттегі өсім 2025 жылдың бірінші тоқсанында дизель отынын гидротазалау қондырғысын депарафиндеу блогына кірістіре отырып, реконструкциялауға жұмсалған шығыстарға байланысты «Павлодар мұнай-химия зауыты» ЖШС күрделі шығындарының азаюымен ішінара шектелді.

Ақша ағымдары бөлінісінде күрделі шығындар 64,3% өсіп, 237 млрд теңгені (477 млн АҚШ долларын) құрады. Көрсеткіштің өсуі «KMG PetroChem» ЖШС мен «Қазақ газ өңдеу зауыты» ЖШС-де негізгі құралдарды сатып алу көлемінің ұлғаюына байланысты болды.

### *Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардан алынған дивидендтер*

Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардан алынған дивидендтер 12 млрд теңгені (24 млн АҚШ долларын) құрады, ал 2025 жылдың осындай кезеңінде бұл көрсеткіш 156 млрд теңгені (307 млн АҚШ долларын) құраған болатын. Көрсеткіштің төмендеуіне «Теңізшевройл» ЖШС-нің дивиденд төлеу кезеңдері әртүрлі болуы әсер етті. Есепті кезеңде «Теңізшевройл» ЖШС-дан дивидендтер есепті күннен кейін, яғни 2026 жылғы 29 сәуірде 140 млрд теңге (306 млн АҚШ доллары) мөлшерінде алынды.

### *Бос ақша ағыны*

Бос ақша ағыны 2025 жылдың осындай кезеңдегі 283 млрд теңге (555 млн АҚШ доллары) мөлшеріндегі оң көрсеткішпен салыстырғанда теріс мәнде қалыптасып, 78 млрд теңгені (157 млн АҚШ долларын) құрады. Оның төмендеуіне операциялық қызметтен түскен таза ақша ағындарының азаюы, сондай-ақ негізгі құралдарды, материалдық емес активтерді және барлау мен бағалау бойынша активтерді сатып алуға арналған шығыстардың ұлғаюы себеп болды. Операциялық қызметтен түскен таза ақша ағындарының азаюы негізінен айналым капиталының өзгеруіне, оның ішінде сауда дебиторлық берешегі мен өзге де қысқа мерзімді активтердің ұлғаюына, сондай-ақ бірлескен кәсіпорындардан дивиденд түсу мерзімдеріндегі айырмашылықтарға байланысты болды.

## Қарызды басқару

### Борыштық жүктеме көрсеткіштері

| Көрсеткіштің атауы | Өлш. бірл.        | 2026 жылғы<br>31 наурыз | 2025 жылғы<br>31 желтоқсан | %            |
|--------------------|-------------------|-------------------------|----------------------------|--------------|
| Облигация          | млрд теңге        | 2 963                   | 3 040                      | -2,5%        |
| Қарыз              | млрд теңге        | 541                     | 482                        | 12,2%        |
| <b>Жалпы қарыз</b> | <b>млрд теңге</b> | <b>3 504</b>            | <b>3 522</b>               | <b>-0,5%</b> |

Дөңгелектеу салдарынан сандар қосылмауы мүмкін.

ҚМГ-ның жалпы қарызы негізінен АҚШ долларымен номинацияланған (2026 жылғы 31 наурыздағы жағдай бойынша 68%) және 3 504 млрд теңгені (7 320 млн АҚШ долларын) құрады. 2025 жылғы 31 желтоқсандағы деңгеймен салыстырғанда көрсеткіш теңгемен есептегенде теңгенің АҚШ долларына шаққандағы бағамының нығаюы нәтижесінде 0,5% төмендеді, ал доллармен есептегенде бұрын тартылған қарыздарды игеру есебінен 5,1% өсті.

### Таза қарыз

Таза қарыз 2026 жылғы 31 наурыздағы жағдай бойынша 2025 жылғы 31 желтоқсанға қарағанда теңгемен есептегенде 52,7% және доллармен есептегенде 61,2% ұлғайып, 573 млрд теңгені (1 196 млн АҚШ долларын) құрады. Көрсеткіштің өсуі таза қарызды есептеу кезінде ескерілетін ақша қаражатының, оның баламаларының, сондай-ақ депозит түріндегі ақша қаражатының азаюына байланысты болды. Бұл негізінен инвестициялық жобаларды іске асырып жатқан еншілес ұйымдардың күрделі шығындарын қаржыландырумен, сондай-ақ теңгенің нығаюы аясында валюталық шоттардағы ақша қаражатының теңгелік баламасының төмендеуімен түсіндіріледі.

### Ақша қаражаты

### Шоғырландырылған ақша қаражаты мен олардың баламалары, сондай-ақ депозит түріндегі ақша қаражаты

| Көрсеткіштің атауы   | Өлш. бірл.        | 2026 жылғы<br>31 наурыз | 2025 жылғы 31<br>желтоқсан | %            |
|--|-------------------|-------------------------|----------------------------|--------------|
| Ақша қаражаты және олардың баламалары  | млрд теңге        | 1 688                   | 1 198                      | 40,9%        |
| Ұзақ мерзімді депозиттер   | млрд теңге        | 70                      | 73                         | -3,9%        |
| Қысқа мерзімді депозиттер  | млрд теңге        | 1 174                   | 1 875                      | -37,4%       |
| <b>Ақша қаражаты мен олардың баламалары, сондай-ақ депозит түріндегі ақша қаражаты</b> | <b>млрд теңге</b> | <b>2 932</b>            | <b>3 147</b>               | <b>-6,8%</b> |

Дөңгелектеу салдарынан сандар қосылмауы мүмкін.

Шоғырландырылған ақша қаражаты мен олардың баламалары, оның ішінде депозит түріндегі ақша қаражаты 2025 жылғы 31 желтоқсандағы көрсеткішпен салыстырғанда 2026 жылғы 31 наурыздағы жағдай бойынша 6,8% төмендеп, 2 932 млрд теңгені құрады. Доллардағы көрсеткіш 2025 жылғы 31 желтоқсанмен салыстырғанда 1,6% төмендеп, 6 124 млн АҚШ долларын құрады.

*2026 жылдың бірінші тоқсанындағы негізгі корпоративтік оқиғалар:*

- 2026 жылғы 13 қаңтарда «ҚазТрансОйл» АҚ Маңғыстау облысындағы «Жетібай» және «Қаражанбас» мұнай айдау станцияларында экологиялық тәуекелдерді төмендетуге, өнеркәсіптік қауіпсіздікті арттыруға және мұнай тасымалдау жүйесінің сенімді жұмысын қамтамасыз етуге бағытталған өндірістік инфрақұрылым нысандарын пайдалануға берді.
- 2026 жылғы 2 ақпанда ҚМГ Атырау облысындағы Қаратон Подсолевой учаскесінде терең іздеу ұңғымасының бірінші нысанын сынау жұмыстарының алғашқы нәтижелері шықты. Сынақ кезінде газ ағыны алынды, бұл аталған учаскеде көмірсутек бар екенін растайды.
- 2026 жылғы 2 сәуірде ҚР Энергетика министрлігі, ҚМГ және Хорватияның көмірсутек мәселелері жөніндегі агенттігінің (СНА) еншілес компаниясы – GEOENERGIJA RAZVOJ d.o.o. (ГЕОЭНЕРГИЯ) арасында Ақтөбе облысындағы Шығыс учаскесінде көмірсутектерді барлау мен өндіру бойынша келісімшарт жасалды. «Шығыс» жобасы тепе-тең талаптармен іске асырылатын болады, бұл ретте хорват тарапы геологиялық барлау кезеңін толық қаржыландырады.

*Көрсеткіштер мен есептеу нәтижелері жуықтап көрсетілген. Сонымен қатар кезеңдерді салыстыру кезінде жуықталмай, нақты мәндер қолданылды. Компанияның пікірінше, дәлгелектеуге қатысы бар кез келген ықтимал түзетулер қаржылық нәтижелерге материалдық әсер етпеуі керек.*

Толығырақ ақпаратты төмендегі сілтемеге өтіп, оқи аласыздар:

<https://www.kmg.kz/investors/reporting/>

## **Байланыс**

### **телефондары:**

ir@kmg.kz

тел: +7 (7172) 78 64 34

## **«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ туралы**

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ – Қазақстанның вертикалды интеграцияланған жетекші мұнай-газ компаниясы. ҚМГ көмірсутектерді барлау мен өндіруден бастап тасымалдауға, өңдеуге және мамандандырылған қызметтерді ұсынуға дейінгі бүкіл өндірістік цикл бойынша активтерді басқарады. 2002 жылы негізі қаланған компания еліміздің мұнай-газ саласында Қазақстанның мүддесін қорғайды.

ҚМГ-ның негізгі активтері:

**Барлау және өндіру:** «Өзенмұнайгаз» АҚ (ӨМГ) – 100%, «Ембімұнайгаз» АҚ (ЕМГ) – 100%, «Қазақтүрікмұнай» ЖШС (ҚТМ) – 100%, «Өріқтау Оперейтинг» ЖШС (ӨО) – 100%, Доңға<sup>12</sup> – 60%, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ (ММГ) – 50%, «Қазгермұнай» БК» ЖШС (ҚГМ) – 50%, PetroKazakhstan Inc. – 33%, «Қаражанбасмұнай» АҚ (ҚБМ) – 50%, «Қазақойл Ақтөбе» ЖШС (ҚОА) – 50%, «Урал Ойл энд Газ» ЖШС (УОГ) – 50%, «Теңізшевройл» ЖШС (ТШО) – 20%, Қарашығанақ<sup>13</sup> – 10%, Қашаған<sup>14</sup> – 16,88%.

**Тасымалдау:** «ҚазТрансОйл» АҚ – 90%, «Батуми мұнай терминалы» ЖШҚ – 100%, «Қазақстан-Қытай Құбыры» ЖШС (ҚҚҚ) – 50%, «МұнайТас» СЗТҚ» ЖШС – 51%, Каспий Құбыр Консорциумы<sup>15</sup> (КҚК) – 20,75%, «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС (ҚТКФ) – 100%.

**Өңдеу және маркетинг:** «Павлодар мұнай-химия зауыты» ЖШС (ПМХЗ) – 100%, «Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС (АМӨЗ) – 99,53%, KMG International N.V. – 100%, Петромидия – 54,62%, Вега – 54,62%, «KMG PetroChem» ЖШС – 100%, «ПетроҚазақстан Ойл Продактс» (ПҚОП)<sup>16</sup> – 49,72%, «Caspi Bitum» БК» ЖШС (Caspi Bitum) – 50%, «КС Energy Group» ЖШС – 49%, «Kazakhstan Petrochemical Industries Inc.» ЖШС (КПИ) – 49,5%, «Силлено» ЖШС<sup>17</sup> – 40%.

**Басқалары:** «KMG Drilling & Services» ЖШС – 100%, «Oil Services Company» ЖШС – 100%, «Oil Construction Company» ЖШС – 100%, «Кен-Құрылыс-Сервис» ЖШС – 100%, «KMG Systems & Services» ЖШС – 100%, «Қазақ газ өңдеу зауыты» ЖШС (ҚазГӨЗ) – 100%, «ҚазРосГаз» ЖШС (ҚРГ) – 50%.

<sup>12</sup> Dunga Operating GmbH — Доңға жобасы бойынша Өнімді бөлу туралы келісімдегі 60% үлеске иелік ететін 100% шоғырландырылған еншілес ұйым.

<sup>13</sup> «ҚМГ Қарашығанақ» ЖШС — Қарашығанақ жобасы бойынша Өнімді бөлу туралы түпкілікті келісімдегі 10% үлеске иелік ететін 100% шоғырландырылған еншілес ұйым.

<sup>14</sup> «ҚМГ Қашаған Б.В.» — Солтүстік Каспий жобасы бойынша Өнімді бөлу туралы келісімдегі 16,88% үлеске иелік ететін 100% шоғырландырылған еншілес ұйым.

<sup>15</sup> 19% үлес КМГ-ға тікелей тиесілі, 1,75% — «Қазақстан Пайплайн Венчурс» КҰ бірлескен кәсіпорны арқылы.

<sup>16</sup> 49,72% — Valseira Holdings B.V. компаниясындағы 50% иелік ету арқылы жүзеге асырылатын жанама қатысу үлесі, ол өз кезегінде «ПетроҚазақстан Ойл Продактс» ЖШС (ПҚОП) компаниясының 99,43%-ына иелік етеді. ПҚОП-қа қатысты Шымкент мұнай өңдеу зауытының өндірістік нәтижелерін бағалау кезінде өндірістегі 50% қатысу үлесі ескеріледі.

<sup>17</sup> 29,9% үлес КМГ-ға тікелей тиесілі, 10,1% — «KMG PetroChem» ЖШС еншілес ұйымы арқылы.